

II. МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУ ҮШІН ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

15. Магистратураға «Өнер» бағыты бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады.

«Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасына техникалық және медициналық мамандықтарды қоспағанда, бакалавриаттың білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады.

Бакалавриаттың бір мамандығынан магистратураның басқа мамандығына түсетін жағдайда, тиісті магистратура білім беру бағдарламасын меңгеру үшін қажетті пререквизиттер тізбесін жоғары оқу орны айқындайды.

«Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасына басқа мамандықтан магистратураға түсетін тұлғалар үшін келесі пререквизиттер қажет: «Менеджмент негіздері», «Маркетинг негіздері», «Концерттік менеджмент тарихы».

Пререквизиттер ақылы негізде меңгеріледі. Пререквизиттерді игеру мерзімі – оқу басталғанға дейін.

16. Магистратураға түсуші тұлғалар консерваторияның Қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды қолма-қол және Platonus ақпараттық жүйесі <https://platonus.conservatoire.kz/registration.html> арқылы тапсырады:

- ректордың атына жазылған өтініш (1 қосымша);
- білімі туралы құжат қосымшасымен бірге (түпнұсқа);
- жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/у нысаны бойынша медициналық құжаттама.
Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынылады;
- еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);
- ғылыми-шығармашылық портфолио (олар болған жағдайда) (2 қосымша);
- осы Қағидалардың 21-тармағына сәйкес шет тілін меңгеруге тест тапсырғанын растайтын халықаралық сертификаттың түпнұсқасы (бар болса);
- талаптарға сәйкес болашақ магистрлік диссертация тақырыбы бойынша реферат (3 қосымша). Рефераттың қағаз және электрондық нұсқасы (PDF) **2025 жылдың 10 қарашаға дейін, бір рет қабылданады**, поштаға: dinara.keshubayeva.75@mail.ru жіберіледі.
- емтиханға шығарылатын шығармалар тізімі шығарылған қағаз түрінде (орындаушылар үшін);

- КТ үшін төлем туралы түбіртек (кешенді тестілеуге сілтеме app.testcenter.kz бойынша тіркелу);
- құжат тігілетін папка (қағаз, кәдімгі), конверт орташа, 6 файл.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

Құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда Қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.